

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**



МҰСТАЙ КӘРІМ – 100

Ұлылар ұлтқа бөлінбейді

Мұстай Кәрімнің жүз жылдық мерейтойына орай өрбіген ойлар

Сәбит ДОСАНОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

Ұлыларды уақыттың өзі туғызады. Заманның өрті мен дерті, селі мен сені, дауылы мен жауыны шырдап, шынықтырады. Күдіреті күшті, мейір шапағаты мол Алла тағала менің маңдайыма өз халқының мақтанышы мен ұлттық паспортына айналған ұлылармен таныс, біліс қана емес, аралас-құралас, дәмдес, сырлас, дос болу бақыты мен жауапкершілігін жазыпты. Орыс Сергей Михалков, қырғыз Шыңғыс Айтматов, дағустандық Расул Гамзатов, қалмақ Давид Кугультинов, башқұрт Мұстай Кәрім, балқар Қайсын Құлиев, тәжік Момын Каноат, т.б. тарихи тұлғалармен бірге жүрген ғажайып, ғазал күн, сәулелі сәт сірә де естен кетер ме?!

Мұстай ағамен алғаш рет өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Алматыда танысып, табысып едім. Екеміз Уфада, Мәскеуде, Алматыда сан мәрте кездесіп, сағаттар бойы әңгімелескенбіз, сырласқанбыз, бір-біріміздің үйімізде де болғанбыз. Достығымыздың құрметіне мен ұлымның атын Мұстай деп қойғанмын. Мұстай аға менің шығармашылығым жайлы мақала жазып, жариялаған. Сол көп жылға созылған шынайы достық, қарым-қатынас кезінде байқағаным – Мұстай аға аз сөйлеп, көп тыңдайтын кемел ойлы кеменгер еді. Атақ-даңқы жер-жаһанға жайылған ақын ғана емес, көрнекті мемлекет қайраткері де еді Мұстай аға. Ол Ресей Жоғары Кеңесінің депутаты ғана емес, вице-спикер де болды. КСРО Мемлекеттік сыйлығының, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері. Осыншама атақ-даңққа, сый-құрметке бөленген Мұстай Кәрім өте кішіпейіл болатын. Асқақтап, астам сөйлегенін көрмейсің. Керісінше, үнемі ой үстінде жүретін. Ойлы, жанары мұңлы еді. Бұл – ақылдылықтың, дара туған даналықтың белгісі болса керек.

Бір ұлттың баласы болып өмір есігін ашып, бүкіл адамзаттың перзенті болу екінің бірінің маңдайына жазылмаған бақыт. Олар уақыт туғызған ұлы тұлғалар. Ұлылар ұлтқа бөлінбейді. Олардың шығармаларының алтын арқауы – гуманизм, асқан адамгершілік, жан дүние жасауларының байлығы. Өткен ғасыр әр ұлт, әр халық ұлтқа бөлінбейтін сондай сом тұлғалы алыптар туғызған әдебиеттің алтын ғасыры болды. Олар әлем әдебиеті мен мәдениетіне олжа салды деу аз олар оны – әлем әдебиеті мен мәдениетін соны ойлармен байытты, жаңа биікке көтерді. Солардың бірі әрі бірегейі – Мұстай Кәрім. Оның поэзиясы мен прозасы, көсемсөздері мен көркем ойлары – әлем мәдениетінің алтын қазынасы.

Мұстай Кәрім шығармаларының шыңы – драматургиясы. «Тастама отты, Прометей», «Ай тұтылған түн», «Салават» атты үш драма – Шекспир шығармаларымен иықтасып тұрған, драма жанрын жаңа түр, соны ойлармен байытқан, жаңа әлемдік деңгейге көтерген, адамзатпен бірге жасай беретін жауһарлар.

Мұстай Кәрім – әлем әдебиеті мен мәдениетіндегі құбылыс. Ол – ойшыл, философ. Оның шығармаларын оқығаннан кейін адамның рухы өсіп, жан дүние жасаулары гүлденіп, жаңғырып, жасарып шыға келеді.

Даланың дана шалдары қатты риза

*Қазақ, башқұрт, Тарих атты ананың,
Көзден тамған екі жасы секілді.*

Мұстай КӘРІМ



болғанда: «Дүние тұрғанша тұр» деп бата беруші еді. Оқығаны аз болса да өмірде көргені, көңілге түйгені көп қазақтың қайран қара, дана шалдары-ай, білгесін айтады да. Кәрі тарихпен бірге жасасып, дүние тұрғанша тұратын кемел ойлы кеменгерлердің де бар екеніне өмірдің өзі куә. Олар алмастай асыл, алтындай аз. Мұстай Кәрім тарих төрінен ойып тұрып өз орнын алған сондай тот баспайтын сары алтын, сом тұлға.

Мұстай Кәрім поэзиясының ерекшелігі, артықшылығы десек те болады ойға бай, сезімі сергек. «Көз жасы да – мемлекет байлығы» дейді ол «Айсұлуудың көз жасы» дейтін өлеңінде. Біздің елімізде жиі болған ақын Қазақстанды жанжүрек, шынайы сезіммен төгілте жырлады. Соның бір мысалы мынау:

Қазақстан – жазылатын өлеңім...
Тек бастауға сол өлеңді тартынам.
Тұрған қарап жебеуші ана көремін,
Ай қалғыған Орал тауы артынан.

Ай – сикыршы. Замандарды барлады.
Араларды қосып, бірге жалғады,
Мың жыл бұрын туып, қалған үзіліп,
Ояты ортақ жанымның ой-арманын.

Ай сөйледі: «Жасаймын деп кепілдік,
Мен жиһанмын куәлікке өтімді –
Қазақ, башқұрт Тарих атты ананың
Көзден тамған екі жасы секілді».

Қазақстан! Оймен кездім аралап
Қайран қалдым келбетіңе ғаламат:
Аспаныңда құстар қаптап жол салып,
Жеріңде жел жөн таппайды жағалап.

Көк нұрымен боянғанда көкжик,
Тұрған шығар назға Алматым елжіреп.
Өмірім құр өтер еді көріксіз,
Егер сені еске алмаса бұл жүрек.

Достардың бар жерошағы өзінде,
Сол ошақтың қызу шоғы сезімде.
Екі қолды созып соған жылынам,
Қара суық қалтыратқан кезінде.

Бар өзінде пайғамбардың кабірі,
Жатыр сонда Өуезов ой алыбы.
Егер оған табынбасаң, ақыным,
Емесің сен жаны таза, ар ұлы.
Топ-топ басып орап өтті алдымнан,
Бала Мұстай мен есімді балдырған.
Ей, сәбиім, жүрер жолың жарық боп,
Сыбағалы сыйынды ал тағдырдан!

Қазақстан, тұтқын болдым бүгін мен,
Ғашық болдым риясыз шынымен,
Көз алдымнан кетпей қойды келбетін,
Түспей қойды сенің атың тілімнен.

Өткен XX ғасырда, дәл айтсақ
1980 жылы жазылған «Жырланар
жырым» атты отты жырдың ыстығы
әлі басылған жоқ, ойлы өлеңнің мән-
мағынасы кемімек, көркемдік кестесі
кетілмек емес.

Мұстай Кәрім поэзиясы тұнып тұр-
ған тұп-тұнық ой. Бір ғана мысал:

Таулар адам сияқты,
Биіктеде қаншама.
Шытырман да шуақты
Салмағы да соншама.

Мұстай Кәрімнің жұлдызды жыр-
лары ойлы ғана емес, сымбаты бөлек
сұлу сырға, қуанышқа бергісіз тәтті
мұңға толы әсерлі де әсем әлем.
Оның өрелі өлеңдеріне Чехов айтқан
қысқалық тән. Жанып сүйген жан-
жары Раузаға арналған бар болғаны
екі-ақ шумақ мына өлең соның мықты
бір мысалы:

Қанша жылдар сақтап келем
Жүрегімде мен сені.
Өткен түнде шаншып кенет,
Басты жүрек еңсемді.

Бар ма небір ауыр қайғың,
Не күдікті жүр ме едің?
Састым сенен айырылам деп,
Тоқтап қалса жүрегім.
Ақын жүрегім тоқтап қалса өлем
деп емес, махаббатымнан айырылам
деп қорқады. Қысқа өлеңнің түйіні де
қысқа әрі нұсқа.

Осынау жолда, түзерде
Тарих қанмен жазылған.
Қияда қылыш іздері
Тұяқтан таулар қазылған.
Ер халқым басын иемген,
Тізесін де бүкпеген.
Көршіге қолы тимеген.
Тиіскен жауды бүктеген.
Жарлылық, жоқтық басса да,
Садақа жаттан алмаған.
Беліне қылыш асқаны
Иығына дорба салмаған, –
Осы санаулы ғана жолдарда қан-
шама салықалы ой, салмақты образ
бар десеңізші. Туған халқының туы-
сы бөлек бейнесін мінсіз мүсіндеудің
үздік үлгісі бұл өлең.

«Өмір керек, сақта, – дейсің, – өзіңді».
Тілегіңді теріс деп те айта алман.
Бәйге көрсе, қалай бірақ төзеді
Ғұмыр бойы қиулаған майталман?

Дүние шолақ бізден ғана қалған ба,
Жетеді ажал жатсынбай да арланбай.
Жығылсам-ау зор бәйгеге салғанда,
Өз жүрегің жарып өлген тарландай!
Сонау XX ғасырда жазылған өрелі
өлең XXI ғасырда да өзінің өміршең-
дігін жоғалтқан жоқ.

Еш уақыт адаспаймыз екеу болсақ,
Адасса жалғыз жұлдыз адасады, –
деген екі жол мен:

Көрмедім өз ерініңдей отты бірақ,
Ыстықты сондай ғажап сүйгенім

жоқ, –
деген егіз шумақтың да айтары анық,
баяуы қанық. Осы «баяуы қанық де-
ген сөз ақын жырларының башқұрт
тіліндегі нұсқасына орай айтылғанмен
аудармаға сай деу қиын. Мұстай жыр-
ларын қазақша сөйлеткен Жұбан
Молдағалиев та, Сырбай Мәуленов те
сөз жоқ аса талантты ақындар. Десек
те аударма қанша сәтті болса да түп-
нұсқадай бола бермейді. Бейнелеп
айтсақ түпнұсқа түкті кілемнің бедерлі
беті, аударма астары, басқаша айтсақ
түпнұсқа сымбаты бөлек сұлу арудың
өзі, аударма оның суреті.

Бірде Мұстай ағаның біраз ойланып
отырып, «Маған біреуге сәл қиянат
істегем жоқ па деген ой келсе ұйқым
да ұйқы, ішкен асым да ас болмаса еді»
деп еді. Жүректен шығып жүрекке жет-
кен осы сөзде азамат ақынның жалтаны
жоқ, жан дүние жасаулары бай бекзат
болмысы айқын танылып тұр!

Мұстай Кәрім сынды тарихи тұлға-
ларды еске алғанда сол ұлылардың
мұрагері, кешегі Махамбет, бүгінгі
Бұхар жырау Олжас Сүлейменовтің:

Бұл адамдар мәңгі өшпейтін,
Жүрек пен көңілден
Тірі жүрсе жол сілтер еді,
Ай, жұлдыз боп көгіңнен, –

деген жыр жолдары ойға оралады.
Ақын досым, жүрегіме жақын до-
сым Олжастың оймақтай болса да
корғасындай салмақты ойын қостай
отырып айтар аз ғана қосымша сөз
Мұстай сынды кемел ойлы кеменгерлер
тірісінде ғана емес, о дүниеге аттанған
соң да Шандор Петефи айтқандай:
«Өлген соң да оралды рух боп».

Ұлы ойшыл, философ, ұлағатты су-
реткер Мұстай Кәрім рухы, оның тарих-
пен бірге жасай беретін шығармалары
адамзатқа нұрын төгіп, санасына сәуле
шашып тұр.

АЛМАТЫ